

Жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 1035 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 20 қаңтарда тіркелді. Тіркеу нөмірі N 1370. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 24 маусымдағы N 311 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.06.24 N 311 бұйрығымен.

Жоғары кәсіби білім беретін білім ұйымдарында жоғары ғылыми-педагогикалық білімнің оқу-кәсіптік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН

1. Қоса берілген "Жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы Ереже" бекітілсін.

2. Жоғары білім департаменті (Ә.Әбжаппаров) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә.Ахметовке жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2000 жылғы 1 қарашадағы
N 1035 бұйрығымен
бекітілген

Жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ереже Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 7 маусымындағы "Білім туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 желтоқсандағы N 1845 "Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы ережені бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Жоғары оқу орындарының магистратурасы тереңдетілген жоғары кәсіптік білімді мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламаларын жүзеге асырады.

3. Магистранттар жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқушылардың қатарына жатады.

4. Магистратураның міндеттері:

1) жоғары ғылыми-педагогикалық білімді және практикалық қызметінің бағыты орта және жоғары кәсіптік білім беретін ұйымдарға, ғылыми және шығармашылық ұйымдарға, мемлекеттік және экономикалық басқару органдарының жоғарғы буындарына, сондай-ақ әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдардың басқару қызметтеріне арналған мамандар даярлау;

2) кәсіби білім беру саласында жеке тұлғаның талабын қанағаттандыру, көп деңгейлі мамандар даярлау жүйесіне тұтастық сипат беру, жоғары оқу орындарында оқу үрдісінің даралық және саралық ұстанымдарын іске асыру ү ш і н ж а ғ д а й ж а с а у ;

3) ұйымдардың тапсырысы бойынша мамандарды мақсатты даярлауды қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) білім алушылардың таңдаған ғылыми және педагогикалық бағыттағы қызметтерін дара теориялық және практикалық даярлықтарын тереңдету, магистранттардың әлем ғылымын тұтастай қабылдауды қамтамасыз ететін неғұрлым маңызды және тиянақты білімдерді меңгеруі;

5) білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі дамыту қабылеттерін, олардың белсенді өмірлік қызметінің бүкіл өн бойында өз бетінше жаңа білімдерді шығармашылықпен меңгеру қажеттіліктері мен дағдыларын қ а л ы п т а с т ы р у ;

6) қазіргі кездегі ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдауға және іс жүзінде шешуге, жоғары оқу орындарында сабақ беруге, зерттеушілік және басқарушылық қызметті табысты атқаруға қабылетті азаматтық көзқарасы айқын кәсіби мәдениетінің, оның ішінде кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің деңгейі ж о ғ а р ы м а м а н д а р д а я р л а у ;

7) магистратураның бітірушілерін оларға ғылымдардың тоғысқан тұсында нақты дамушы дүниедегі кәсіби жинақылыққа кепілдік беретін іргелі біліммен қ а м т а м а с ы з е т у ;

8) халықаралық еңбек рыногында магистрлер дипломдарының баламалылығын қамтамасыз ететін көлемде кәсіптік білім алу үшін жағдай жасау .

5. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша оқыту жоғары базалық немесе жоғары арнаулы білім

негізінде, Қазақстан Республикасының бакалавриат мен магистратура мамандықтарының Классификаторына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

6. Магистратураның негізгі мақсаттары:

- 1) жоғары білімді және жоғары интеллектуалды жаңа ұрпақ тәрбиелеу;
- 2) іргелі және қолданбалы ғылымды, жоғары кәсіби білім беру мен мемлекеттік басқару жүйесін, мәдениетті ішкі және сыртқы еңбек рыногында табысты бәсекелестікке қабылетті жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету;
- 3) әлемдік білім беру және ғылыми-ақпараттық жүйеге ұласуға жету.

7. Магистратурада оқу мерзімі:

- 1) жоғары базалық білім негізінде - 2 жыл;
- 2) жоғары арнаулы білім негізінде - 1 жыл.

8. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау білім беру қызметіне лицензиясы бар жоғары кәсіби білім беретін ұйымдарда жүзеге асырылады.

9. Магистратура жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлармен (тапсырыс берілген мамандықтар бойынша ғылым докторы және ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар 5 адамнан кем болмауы керек) қамтамасыз етілген жағдайда, қажетті зертханалық-зерттеу, оқу-әдістемелік, әлеуметтік базалары бар және мемлекеттік аттестаттаудан өткен білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдарда ашылады.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

10. Магистратурада білім алушылар контингентін қалыптастыру, кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың қаражаты есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады .

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

2. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламаларына қойылатын талаптар

11. Тереңдетілген жоғары кәсіби білім беретін ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы жуықтап алғанда көлемдері бойынша бірдей - білімдік-кәсіптік және ғылыми-зерттеу бөліктерінен тұрады.

Жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы магистрлер даярлау бағдарламасы немесе магистрлік бағдарлама деп аталады.

12. Магистратурада мамандарды даярлау берілген жоғары кәсіптік білім деңгейіне сай келетін білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Қазақстан Республикасының бакалавриат және магистратура мамандықтарының жіктеуішіне, оқу-бағдарламалық құжаттамаларға, білім алушылардың жеке оқу жоспарының жұмысына, белгіленген тәртіппен бекітілген басқа да құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

13. Бағдарламаның білімдік-кәсіптік бөлігіне жалпы кәсіптік, ғылыми-жаратылыстану, базалық және бейіндік циклдарды қамтитын міндетті және таңдауы бойынша компоненттер пәндері тізбесімен енгізіледі. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының мазмұны жеке жоспармен анықталады .

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

14. Магистратурада оқыту ғылыми дәрежесі доктор, кандидат немесе ғылыми атағы профессор, доцент, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен осы ғылым саласында белсенді шұғылданатын және аспиранттарға басшылық ететін құқығы бар ғылыми жетекшінің басшылығымен іске асырылады. Әртүрлі мамандықтар тоғысқан магистрлік бағдарламаларын орындау жағдайларында ғылыми жетекшіден басқа ғылыми кеңесшілер тағайындауға рұқсат етіледі.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

15. Магистратурада мамандар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орны білім беру саласындағы орталық атқару органымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың негізінде оқу жұмыс жоспарлары мен магистрлік даярлау бағдарламаларын әзірлейді.

16. Магистратурада оқу барысында магистрант магистрлік диссертация деп аталатын бітіру жұмысын орындайды.

Ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалған магистрлік диссертация дербес ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.

Магистрлік диссертацияның тақырыбын жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі бекітеді.

17. Магистрлер даярлау бағдарламасы аптасына 54 сағат көлемінде қарастырылуға тиісті, соның ішінде аудиториялық сабақтар көлемі 18-22 сағаттан аспауы керек. Таңдау бойынша пәндерге оқу уақытының 50% дейінгі бөлігі арналады.

18. Магистрант педагогикалық қызметке дайындалу мақсатында шығарушы кафедраның оқу үрдісіне қатысып, оқытушылардың байқауымен 24 сағат

көлемінде дәрістік, зертханалық және практикалық сабақтардың циклын жүргізуге тиісті.

19. Магистратураның білім беру бағдарламасы:

- 1) базалық пәндер;
- 2) бейіндік циклдарды қамтитын пәндер;
- 3) практика;
- 4) магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы;
- 5) қорытынды аттестаттаудан тұрады.

Ескерту: 19-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

2 0 . < * >

Ескерту: 20-тармақ алынып тасталсын - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

21. Тарих пен философия ғылымы және шет тілі бойынша магистранттарды даярлау мазмұны тиісті кандидаттық минимумның бағдарламаларын барынша жақындатылған болуы тиіс. Магистратурада тапсырылатын тарих пен философия ғылымы және шет тілінен емтихандары кандидаттық емтихандарға теңестірілуі мүмкін .

Ескерту: 21-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

22. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша екі практика өткізу қарастырылады: зерттеушілік (магистрлік диссертация үшін материалдар жинау мақсатында) және педагогикалық (магистранттармен дәрісханалық, практикалық және зертханалық байқау сабақтарын өткізу үшін).

Педагогикалық практика оқу сабақтарымен қатар немесе соған арнайы бөлінген бос уақытта ұйымдастырылуы мүмкін.

Зерттеушілік практика соңғы курста ұйымдастырылады.

23. Магистратурада сабақтарды профессорлар және педагогикалық стажы бар , жоғары педагогикалық шеберлікке ие болған және өзінің ғылыми жетістіктерімен белгілі ғылыми дәрежелері бар оқытушылар жүргізеді.

3. Магистрларды даярлауға қойылатын кәсіптік-біліктілік талаптар

24. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасының түлегі келесі талаптарға сай болуға тиісті:

- 1) жалпы ғылыми әдістемені, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің логикасы

мен технологиясын, оның нәтижелерін ғылыми өнімнің әртүрлі нысандарында ресімдей білуді меңгеру;

2) ғылыми ақпараттардың көп көлемімен жұмыс жасай білу, оның әртүрлі көздерімен өздігінше жұмыс істеу, іргелі ғылымда еркін бағдарлау, кәсіби есептерді шешкенде, компьютерлік техникаларды пайдалану, компьютерлік бағдарламаларды әзірлеуді меңгеру, кешенді кәсіби есептерді шешу барысында күрделі алгоритмдарды шығармашылықпен жүзеге асыру;

3) өзін-өзі кәсіби жетілдіруге тұрақты қажеттілікті сезіну;

4) жоғары мектептің педагогикасы және психологиясы негіздерін білу, қазіргі кездегі технологияларды меңгеру;

5) шет ел тілдерінің біреуін меңгеру;

6) бейім қабылеттерге ие болу.

4. Қорытынды аттестаттау

25. Магистрлер даярлаудың аяқ кезеңінде магистрлік диссертация қорғау, сонымен бірге мемлекеттік емтихандар тапсыру көзделеді.

Мемлекеттік емтихандар мен магистрлік диссертация қорғауды құрамы жоғары оқу орнының ғылыми кеңесімен белгіленетін және білім беру саласындағы орталық атқару органының келісімі бойынша білім беру ұйымының басшылығымен бекітілген Мемлекеттік аттестациялық комиссия қабылдайды.

26. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша оқу бітірген тұлғаларға белгіленген үлгідегі, біліктілігі және магистрлік академиялық дәрежесі мен жоғары білімі туралы диплом беріледі.

Магистратура бітірушіге оқыған пәндері бойынша емтихан және сынақ бағалары, магистрлік диссертациясының тақырыбы көрсетілген, магистрлік диссертациясы бойынша қорғаған бағасы, мемлекеттік емтихандарды тапсыру қорытындылары енгізіліп, дипломға қосымша беріледі.

27. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша оқуды бітірген және магистр дәрежесі бар жеке тұлғалардың берілген біліктілігі бойынша жұмыс істеуіне немесе өзінің ғылыми дайындығын екі жылдан аспайтын аспирантурада жалғастыруларына болады.

28. Магистратураны бітірмеген жеке тұлғаларға белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 бұйрығымен .

